

ӘОЖ 342.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫН
ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР САЯСАТЫ****Онаева Г.Т.***(Заң ғылымдарының магистрі, «Болашақ» Академиясы, Қарағанды қ.,
gulmira_onaeva@mail.ru)***Шотов Б.***(4 курс студенті, «Болашақ» Академиясы, Қарағанды қ.)***Аңдатпа**

Қазақстан Республикасындағы конституциялық білім алу құқығын қалыптастырудағы мемлекеттік бағдарламалар мен олардың жүзеге асырылуы барысындағы құқықтық, әлеуметтік мәселелер қарастырылған. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы білім алу жүйесін реформалар барысында нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттарды дайындау кезінде ұсыныстар Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы мемлекеттік билік органдарымен толықтай ескерілуі мүмкін.

Түйінді сөздер: Концепция, конституция, реформа, білім реформасы, потенциал, білім, инновациялық технология.

Аннотация

Предоставляются государственные программы по формированию права на конституционное образование в Республике Казахстан и правовые, социальные вопросы при их реализации. Практическая значимость исследования заключается в том, что рекомендации по подготовке нормативных правовых актов и программных документов в ходе реформы системы образования могут быть полностью рассмотрены законодательными и исполнительными органами Республики Казахстан.

Ключевые слова: Концепция, конституция, реформа, реформа образования, потенциал, образование, инновационная технология.

Annotation

State programs are provided for the formation of the right to constitutional education in the Republic of Kazakhstan and legal and social issues in their implementation. The practical significance of the study is that recommendations on the preparation of normative legal acts and program documents in the course of the education system reform can be fully considered by the legislative and executive bodies of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Concept, constitution, reform, education reform, potential, education, innovative technology.

Кіріспе

Халықаралық қоғамдастықпен қабылданған адамның дамуының концепциясы, бүгінгі күнде әлем әр елге оның білім саласындағы жетістіктеріне мән беру арқылы бағалайтынын білдіреді. Алдыңғы қатарлардағы мемлекеттердің, соңғы он жылда экономикалық көтеріліске және сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықта жетістіктерге жеткен тәжірибелері, айқын түрде осындай жетістіктерге қол жеткізу ол қоғамның білім деңгейі екенін, және білім саласындағы көтерілген мәселелерді шешу арқылы жеткізгенін көрсетеді. Осылай, Үлкен Сегіздік Саммитінде (Санкт – Петербург, 16 шілде 2006 ж.) мемлекеттер басшылары бүгінгі қоғам өміріндегі білімнің үлкен рөлін атап кетті: «Білім – қоғамның дамуындағы ең маңыздысы болып табылады.

Кемел болашақта халықтың дәулеттілігінің басты кілт көзі мен ресурсы оның интеллектуалдық потенциалында болып табылады. Оның деңгейі фундаменталды

ғылымның даму деңгейімен, халықтың білімділігімен, осыған орай, білім беру жүйісінің салаластығымен және оның қол жеткізушілігімен анықталады. Жаңа мемлекеттің пайда болуы мен тұрақтануы кезеңінде көп нәрсе, оның қандай бағыт қойып даму стратегиясына байланысты болады.

Бүгін Қазақстан тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде өзінің, ұлттық білім беру моделін қалыптастыруға тырысады. Мемлекет президенті Н.А. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Қазақстан халқына жолдауында «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3 – 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды [1, 235 – б.]. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» екенін атап өтті.

Адам құқықтары демократиялық құқықтық мемлекетте бостандықтың институционализация формасы ретінде есептеледі, сондықтан бүгінгі жахандану процессі жағдайында және мемлекеттік–құқықтық реформалар жүргізу барысында конституциялық маңыздылық пен механизмнің ғылыми зерттеулер жүргізу және оны жүзеге асыру ерекше өзектілікке ие болады.

Зерттеу әдісі

Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі білім алу құқығының мазмұнын және оның жүзеге асырылуы барысындағы құқықтық, әлеуметтік мәселелерді қарастырып оларға зерттеу, шолу жасау болып табылса, жұмыстың міндеттері болып:

- ҚР азаматтарының білім алу құқығын реттейтін Конституциялық нормаларының дамуының ерекшеліктерін көрсету;
- азаматтардың білім алу конституциялық құқығына теориялық негіздеме ж» не анықтама беру; берілген дефиницияның ішкі мазмұнын ашу; ұлттық конституциялық жүйе үшін оның мағынасын көрсету;
- білім алу саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің толық жүйелі байланысын көрсету, себебі мұндай байланыстар аталған құқықтар мен міндеттердің өзгешеліктерін анықтайды;
- ҚР, РФ және басқа шетел азаматтарының білім алу конституциялық құқықтарын бекітетін қолданыстағы заңнамасына құқықтық – салыстырмалы сараптама жасау;
- ҚР конституциясында бекітілген азаматтардың білім алу конституциялық құқықтарын басқа құқықтар мен бостандықтардан шектейтін белгілерді анықтау және сипаттау.

Зерттеу жұмысының әдістемелік маңыздылығы білім алу жүйесін реформалар барысында нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттарды дайындау кезінде ұсыныстар Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы мемлекеттік билік органдарымен толықтай ескерілуі мүмкін.

Білім алу құқығы – адамның және қоғамның дамуына алғышарт болатын, маңызды конституциялық құқықтарының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамдық қатынастардың дамуы экономикалық, саяси, әлеуметтік–рухани, информациялық өмір салаларының интеграция әсеріне ықпалды. Бұндай жағдайда білім алу конституциялық құқығы ерекше мәнге ие болады, себебі ол

инновациялық экономиканың, азаматтардың белсенділігінде қалыптасқан тиімді мемлекеттің фундаменти болып табылады.

Әлемдік тенденцияларды еске ала отырып жоғары білім алу аясында өзгертулер қажеттілігі мемлекеттің жоғары басшылығы да мойындайды. Соған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Халқына әр жылғы жолдауында, жоғары білім беру саласында жаңартулар енгізуін айта отыра: «Білім беру әдісінің өзіне жаңа ықпалмен келу керек. Бүгінгі жаһандану мен жаңа технологиялар таңында – ол жай әлеуметтік сала емес. Бұл мемлекеттің болашағына үлкен қаражаттандыру жасау» [2, 82 – б].

Осылайша, Қазақстан халқының сапалы жаңартуы ҚР Конституциясында бекітілген әркімнің білім алу құқығына жаңа түсінішулікпен қарау, дәстүрлі түрде қалыптасқан көзқарастарды қайта қарауға тура келеді.

Зерттеу нәтижелері

Осы ғылыми зерттеудің нәтижелері бірқатар факторлармен тығыз байланысты, олар: білім алу ұғымның теориялық және Қазақстандағы конституциялық білім алу құқығының нормативті мағынасын, біркелкі Еуразиялық білім беру кеңестігінде қайта қараулар қажеттілігі.

Аталған факторлар жаһандану кезеңінде қойылған мәселелерге ғылыми зерттеулер мен конституциялық білім алу құқығының құқықтық реттеу перспективасы мен іске асырудағы алғышарты болып табылады.

Білім алу және оны жүзеге асыру құқығының конституциялық аспектілер анализін өткізу үшін келесі конституционалист ғалымдардың еңбектері ескерілді С.А. Авакьян, Н.С. Бондарь, М.В. Баглай, Н.В. Витрук, Л.Д. Воеводин, С.А. Глотов, В.Д. Зорькин, В.Т. Кабышев, Г.Н. Комкова, Б.В. Кожанов, С.С. Кравчук, О.Е. Кутафин, Е.А. Лукашева, Г.В. Мальцев, Ф.М. Рудинский, И.Е. Фарбер, Б.С. Эбзеев.

Сонымен қатар, құқықтық зерттеушілердің қызығушылығына қарамастан білім алу құқығының іске асырылуы мен мазмұнына, Қазақстан Республикасының батыстық білім беру жүйесінен тәжірибе алып ену, бүгінгі күнде құқықтық ғылымда әліде толықтай зерттеліп қарастырылған емес.

Конституциялық құқық пен бостандықтарды зерттеудің өзекті мақсатының құрамдас бөлігі білім алу құқығы болып табылады себебі, ол адамдардың басты құқықтарының системасында маңызды орын алады. Бұл білім алудың әлеуметтік маңыздылығымен түсіндіріледі, оның тұлғаны жан – жақты дамытуы, азаматтарды жалпы білім мен арнайы мамандандыруы, олардың мәдени және рухани сұраныстарын байыту.

Дүние жүзілік жаһандану жағдайында ақпараттық кеңістіктің шапшаң дамуы және білім беруде қазіргі әлемдегі ерекше өзектілік инновациялық технологияларды енгізуді қолдау қажеттілігі, кез келген дамыған елдердің саяси, экономикалық және мәдени тұрақтылығына байланысты [3, 19 – б.].

Білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі нәтижелі кең талдау көзі, қоғамның және халықаралық ұйымдардың жоғарғы сұранысына ие болған Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы Ұлттық баяндамасы болды.

Негізгі ақпараттың біртұтас жалпы ұлттық стратегиясын инновациялауға, Қазақстандағы білім беруді дамытуды алдыңғы қатарлы етуге жауап беретін ашық есеп алтыншы жыл жарияланып келеді.

Жеке құқықтар мен бостандықтар адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің түп қазығы болып табылады. Оларды шектеуге болмайды. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарында аталған құқықтар мен бостандықтар кейде «азаматтардың өздік құқықтары мен бостандықтары» деп те аталады, оларға

мемлекет тарапынан берілген кепілдіктің деңгейі өте жоғары. Жеке құқықтар мен бостандықтарға адам азаматтығына қарамай ақ ие болады. Бұл тұмысынан тиесілі құқықтар, олар мемлекеттің не басқа тұлғалардың еркі бойынша аластатылуы мүмкін емес. Бұлар адамның өмірімен, бостандықтарымен, ар ожданмен және басқа табиғы құқықтарымен байланысты құқықтар [4, 70 – б.].

Азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтары өмір сүру; жеке бас бостандығы; адамның қадір қасиетіне қол сұқпау; жеке өміріне қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар намысы мен абыройын қорғау; өзінің қай ұлтқа, қай дінге жататынын анықтау және оны көрсетпеу, ана тілі мен шығармашылық тілін еркін таңдап алу; заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алу және тарату, т.б. құқықтар жатады.

Әрине, бізге Қазақстан Республикасында білім алудың бірнеше жолы бар екендігі белгілі. Біріншіден, азаматтардың мемлекеттік оқу орындарына тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Ол дегеніміз жасөспірім балалардың орта білім алуға міндеттілігі. Екіншіден, азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Ал жеке меншік оқу орнында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздермен тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Қалай болғанда да мемлекет білім берудің жалпыға міндетті нормаларын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі сол нормаларға сай болуы керек.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы – бүгінгі жаһандану кезеңіндегі және әлеуметтік – рухани сферадағы Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі конституциялық білім алу құқығының нормативті мазмұны мәселесінің негізін кешенді зерттеу және жақсартуға атсалысуымыз азаматтық борышымыз екені сөзсіз.

Әлеуметтік – экономикалық өркендеу ХХІ ғасырда мемлекеттік қоғамның барлық мүшелерін білім алумен қамтамасыз етуге байланысты және әр адам қарқынды дамып келе жатқан қоғамда табысқа жете білу. Инновациялы қоғам адамдарды тез өзгермелі дүниеде өмір сүруге үйретеді. Біз «білім үшбұрышының» барлық элементтерін (білім, зерттеулер және инновациялар) интеграциялау және дамыту арқылы бүкіләлемдік инновациялық қоғамның құрылуына барлық жағдай тудыруға, ірі көлемді инвестициялар адам ресурстарына, профессионалды жұмыстар мен ғылыми зерттеулер жасауға, және де білім беру системасын жаңартуға барымызды береміз.

Әдебиет:

1. Н.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // www.akorda.kz.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның болашағы–қоғамның идеялық бірлігінде». – Алматы; Жеті Жарғы, 2000. – 21 б.
3. Есенғазы А. «Білім алу құқығы» Сәрсенбі, 14 Қыркүйек, 2011. // www.i-news.kz.
4. «Балалардың білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету саясаты» 18 Наурыз, 2009 ж. // www.ombudsman.kz.